«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№08-Б-61/60
12.06.18.

«Ризық» ЖК-нің
директоры А.Бекмухановқа
Мекен жайы: Атырау обл., Исатай ауданы,
Нарын селосы, Парасат к-сі 8.

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 04.06.2018 жылғы №15800 *(04.06.2018 жылы №ЖТ-Б-61 санмен тіркелген)* «Атырау қаласы қаржы бөлімі» ММ-не *(хабарлама 24.04.2018 жылы жарияланған №2540413-1 «Установка дворовых спортивно-тренажерных площадок в г.Атырау Аксайском с.о ул Достык, с.Аксай около школы, ул С.Датова, ул Курмангазы»)* қатысты жазылған арызыңызды қарап, хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(бұдан әрі - Қағида)* 155 тармағында *«егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді».*

«Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді».

Сонымен қатар, конкурстық құжаттамаға 5 қосымшасының 5 ескертпесін *«егер конкурс нысанасы құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады»* деп көрсетілген.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен «Оспан құрылыс» ЖК-мен конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасына сәйкес берілген біліктігі туралы мәліметте көрсетілген 2009,2011,2014,2015,2016,2017,2017 *(растаушы құжаттарымен қоса)* жылдары жұмыс тәжірибелері үшін 6,2 пайыз мөлшеріндегі шартты жеңілдік негізді берілген.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122319038